«ІлжуНұр» балабақшасы мекемесінің
меңгерушісі Ж.А.Токмаханова
«29» тамыз 2023 жыл

«ІлжуНұр» балабақшасы
бойынша қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту үдерісін дамытуға және жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру

№	Тақырыптар	Уақытты	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу. 2. Қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау. 3. Кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу 4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну	Қыркүйек	Балабақша әкімшілігі Кеңес төрағасы Кеңес мүшелері
2	«Жас адам - қызметке, қарт адам - кеңеске» ауданымыздағы қарт кісілерге көмек көрсету	Қазан✓	Балабақшамыздағы «Еріктілер» тобы Кеңес мүшелері
3	«Бала – біздің болашағымыз» бөбекжай-бақшамызға қарасты мөлтек ауданымыздағы ерекше балаларға бару, көмек көрсету	Қараша ✓	Балабақшамыздағы «Еріктілер» тобы Кеңес мүшелері
4	Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырыстарын өткізу, алдағы уақытта болатын шараларды ұйымдастыру	Жыл бойы	ҚК төрайымы
5	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Кітапқа құмар балақай» жәрмеңкесін өткізу	Қаңтар ✓	Балабақша әкімшілігі ҚК төрайымы Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану саласына, ауыз су режиміне бақылауды жүзеге асыру	Жыл бойы ✓	Балабақша әкімшілігі Педагог-психолог ҚК төрайымы

7	Жылдық атқарылған іс - шараларға есеп беру	Мамыр ✓	ҚК мүшелері ҚК төрайымы ҚК мүшелері

№1 ХАТТАМАСЫ

4.09. 2023ж

«ІнжуНұр» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін балаларға материалдық көмек көрсету және әлеуметтік педагогикалық жұмыстарды жүргізу мақсатында қамқоршылық кеңес құру.
2. Қамқоршылық кеңестің ережесін бекіту.
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақшаның ата-аналар комитетінің төрайымы: Баймишева Индира сөз алды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ережесімен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің құрамына, сонымен қатар, өз құқықтарын өкілеттік өкілдер арқылы жүзеге асыратын ұйымдар, мекемелер, олардың ұжымдары түрінде, заңды тұлғалар ене алады. Қамқоршылық кеңестің мақсаты – бюджеттен тыс қаржыландырудың қосымша көзін, басқа ұйымдармен байланысты нығайту арқылы бөбекжайдың тиімді жұмыс істеуі мен ауданымыздағы тұрғындардың әл-ауқатының дамуына септігін тигізу. Кеңес мүшелері өз жұмыстарын ақысыз жүзеге асырады. Кеңес бөбекжай әкімшілігімен және мекемелермен жұмыс жүргізеді. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік , бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, қамқоршылық кеңестің міндеттеріне тоқталды.

Және қамқоршылық кеңестің ең маңызды жұмысының бірі, қазіргі таңда балабақшада, балабақшамыздың аймағына қарасты әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар бар. Мұндай толық емес отбасы, аз қамтамасыз етілген, күнкөрісі төмен отбасынан шыққан балалар, ерекше қолдауды қажет ететін балалар тек ерекше тәрбие мен білім беру тәсілдеріне ғана емес, сондай-ақ жүйелі материалдық қолдауға мұқтаж. Осы мақсатта әрбір балабақшада қамқоршылық кеңес құру керек деп ойлаймын. Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі - балабақша дамуының берік бюджеттен тыс қорын қалыптастыру, оның қаражатын ашық және ұтымды

болу. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты - жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.

Қамқоршылық кеңестің ережесі

8.1. Қамқоршылық кеңес өз жұмысын, нақты Ереже негізінде, балабақша Жарғысына және білім беру саласында қолданылатын заңнамаларға сәйкес, жүргізеді.

8.2. Қамқоршылық кеңес, қажеттілікке байланысты, Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.

8.3. Осы Ереженің күші Қамқоршылық кеңестің қолданылу мерзіміне немесе жаңа Ережені қабылдағанға дейін белгіленеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша басшысы Ж.А.Токмаханова сөз сөйледі.

Қамқоршылықты қажет ететін балаларды қолдау мақсатында балабақшаның материалдық-техникалық базасы нығайтылып, акция, балабақшаішілік шараларды арнайы ұйымдастырылып, демеушілер тауып балабақшада түрлі байқаулар мен сайыстардың жоспарланғаны, алдағы уақытта ұйымдастырылып, жүзеге асырылатындығы жайлы баяндайды. Сондай-ақ қамқоршылық кеңесінің құрамына төмендегі кісілерді ұсынады:

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Баймишева Индира Бердиевна	«ІнжуНұр» балабақшасының құрылтайшысы

Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Куанбаева Марта	М.Мәметова атындағы жоғары колледжінде мұғалім
Каратаева Жадыра	№261 мектеп мұғалім
Пусурманова Гулмира	«Қызылорда-ЖМС» ЖШС жеке кәсіпкер
Керейтбаева Сауле	«Нұрлыбақ» балабақшасының басшысы
Даржанова Ұлбосын	«Қызылорда облысының прокуратурасы» главный специалист
Арыстанбеков Дархан	«Қызылорда-ЖМС» ЖШС жеке кәсіпкер

Абдыхадырова Назерке	«Қазанғап атындағы музыкальный колледж» мұғалім
	Қамқоршылық кеңестің хатшысы
Токмаханова Жадыра Акзадаевна	«ІнжуНұр» балабақаша әдіскері

Одан әрі қамқоршылық кеңесінің мүшелері ондағы қамқоршылық кеңесінің ережесімен, негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары, ұйымдастыру мен тәртібі, мақсаты мен міндеттері жайлы танысып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстарға тоқтала келе, қамқоршылық кеңесінің құрамына мүшелер бірлесе жоспарланған жұмыстарды жүзеге асырылатынын айтты.

Шығып сөйлеушілер:

Ата-ана: Пірімжарова З Жоғарыда қозғалған күнкөрісі төмен отбасынан шыққан балаларға жүйелі материалдық көмек көрсету балабақша әкімшілігіне жүктеліп отыр. Көмекті қажет ететін балалардың тізімі алынып, жоспардағы жұмыстар жүзеге асыруылуы тиіс.Ол үшін тәрбиешілер мен белсенді ата-аналар арасынан бастамшыл топ құру керек және қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастыруымыз керек екендігін айтты.

Ата-ана: Шунгилбай А Өскелең ұрпағымыздың бойына мейірімділік пен ізгіліктің жолын салып, Осы бөбекжай-бақшамыздың ата-анасы және ауданның жанашыр азаматы ретінде алдағы жұмыстарға барынша атсалысып, өз тарапынан қандай да болсын көмек беретіндігін атап айтты.

Қаулы етеді:

1 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесі құрылып, оған басшылық жасау балабақша тәрбиешісі Қамбарова Нұрсулуға міндеттелсін.
2.Қамқоршылық кеңесінің ережесі басшылыққа алынып, жылдық жоспар құрылып жүзеге асырылсын.
3.2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегідей бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баймишева И

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Токмаханова Ж

Хаттама №3
14.10.2023ж

«ІнжуНұр»балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатыскандар:балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Жас адам - қызметке, карт адам - кеңеске» ауданымыздағы карт кісілерге көмек көрсету

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Баймишева Индира сөз сөйледі. Сөз кезегінде Баймишева Индира: «Қартын сыйлаған халықпыз. Үлкенге-құрмет, кішіге –ізет демекші, ауданымыздағы жалғыз басты карт кісілерге, зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау бағытында «Ерiктiлер» тобын жасақтап, қол көмек ұйымдастырылғаны жөн болар»- деді. Осыған орай, қайырымдылық акциясына ұжым болып атсалысуға, аталған акцияны қолдап қатысуларын сұрады.

Шығып сөйлеушілер:

Комиссия мүшесі: Керейтбаева Сауле

Біздер иғі бастамамыздың жақсы орындалуы үшін қолдан келетін көмекті аямаймыз. Бірлесе жұмыс аткарамыз. Өсіріп жатқан балаларымызға рухани тәрбие ретінде септігі тисе қуанамыз.

Комиссия мүшесі: Каратаева Жадыра

Сөз сөйлеген кеңес мүшесі Каратаева Жадырада осы пікірді қолдай отырып, бірлесе отырып құрған жылдық жоспармен ойдағыдай жұмыс аткарайық деген ой түйді. Кеңес мүшелерінен ішінен өзі де акцияға қатысатының атап айтты. Көмек жасаған үлкен сауап деп ойлаймын. Үлкендердің ақ батасымен көктеп, көгеріп келе жатырған халықпыз.

Комиссия мүшесі: Абдыхадырова Назерке

Ата-бабадан жалғасып келе жаткан қазақ халқының өнегелі қасиетінің бірі – қариясын құрметтеу. «Карты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен. Дей тұрғанмен, кейбір қарияларымыздың сый-құрметке бөленбей, үй шаруасын жалғыз өзі аткарып жүргені қынжылтады. Қазан айының бірінші жұлдызы – Қарттар күні. Карт десе, әркімнің көз алдына ақ жаулықты әже мен ақсақал қария елестері анық. Алайда перзент атаулының бәрі қазыналарын қалірлеп, карттарын алақанда аялап отырмағаны қынжылтады. Осындай көмекке мұқтаж қарияларға көмектесу үшін мен өз қолымнан келгенін жасаймын. Жалғызбасты аналардың, мүмкіндігі шектеулі карттардың үйлеріне тазалық және шаруашылық жұмыстарына қолғабыс етіп, қолдарымызға күрек пен сыпырғысы ұстаған ерікті жастар болып ұйымдасайық.

Қаулы етеді:

1. Балабақша ішінен жастар жағынан «Ерiктiлер» тобы жасақталсын.

ауданымыздағы қарт кісілерге әлеуметтік қолдау бағытында қол көмек көрсетілсін.
Осыны жауапты Баймишева Индираға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баймишева И

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Рокмаханова Ж

Хаттама №6

22.01.2024ж

«Оқу-бағдарламаларын іске асыруға мониторингілік кешенін жетілдіру»

Қатысушылар: Оқытушылар құрамы, әдістемелік кеңес төрағасы, әдістемелік кабинет меңгерушісі

Күн тәртібінде:

1. «Бірлесіп тарихи бағдарламаны оқыту «Кітапқа қызығушылықты арттыру»

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдістемелік кеңес төрағасы Ибашинова И. сөз бастады. Мәселенің бастауда Қызылорда Тәжікен Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда кейбір ұрпақ кітапқұмар болып жүз жерде өкпесін айтты. Бұған дейін де Президент әлеуметтік желідегі парақшасында кітап оқу атаулысына қатысты, «Ойлы мәнінде, кітап оқу – рухани қажеттіліктің негізі деген еді. Ал техника мен технология қарқынды дамыған заманда жас ұрпақты кітап оқуға баулу өте өткір мәселеге айналды. Ойлы ниетімі қандай?

Иә! қазақ халқы кітап оқуға жастайынан баулуды құп көретін, кұрмет тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін дана халық қой. Осы ұлттық ерекшелікті пайдаға ала отырып, оқыған кез келген танымдырлық кітап оқуға болатын жағдайларды бастан бұлу туралы ойлесіп көрейік, алдағы мен өзекке бала бойы бітпейтін бастан құл сайын ұйымдар алдында 10 минут шұғылдан кітап оқып барып қызығушылық. Бұл үрдіс бала өмірге келгенде де үйлей жалғасып берген жөн. Осы дегдар ерінді кітапқа қызықтан болады кітапхана, жас ғалымға ол ерте деп бөлінбе қалай, бір жағынан-ақ кітап қызығын ұйрете берген дұрыс. Әйтпей ол әлем шығып бастан кітапты қатып оқуға, қорғауға, бой ұйрегуге, дос болуға тиіс. Осы орайда, сіздерге бейнелей-бақылаулы «Бірлесіп тарихи бағдарламаны оқыту «Кітапқа қызығушылықты арттыру» жұмысын ұйымдастыруды ұсынамын.

Шығып сөйлеушілер:

Комиссия мүшесі Сыпатаев Ғұлфайруз

Осы орайда мен қамқоршылық кеңесіміздің төрағасы Айбек мырзамен толықтай келісемін. Нобель сыйлығының лауреаты, профессор Джеймс Джо-зеф Хекманның зерттеуі балалар өмірінің алғашқы 5 жылында оқу, даму әлеуеті өте жоғары екенін, оларға салынған инвестиция барынша ақталатынын көрсетті. Балалардың ерте дамуына салынған инвестициялар кайтарымы 13%-ды құрайды. Баланың ерте дамуына жұмсалған ресурстың болашағына әсері кәсіптік білім беруге жұмсалған ресурстан 3 есе жоғары екен. Сонымен қатар бала өмірінің осы кезеңі адамның дамуы үшін ең тиімді кезең саналатынын, осы кезенде құр кеткен уақыт баланың дамуы үшін де, жалпы экономика үшін де кері салдарын тигізетінін айтады. Демек, баланы жақсы әдетке кішкентай күнінен үйреткен тиімді. Кітап - баланы жарық дүниеге бастаушы десем, артық айтпаған болар едім. Бұл игі бастамаңыздың жақсы орындалуы үшін қолдан келетін көмекті аямаймыз. Бірлесе жұмыс атқарамыз. Өсіріп жатқан балаларымызға рухани тәрбие ретінде септігі тисе қуанамыз.

Комиссия мүшесі: Тәшпенова Құралай Елібайқызы

Сөз сөйлеген кеңес мүшесі Азаматов Алмат да осы пікірді қолдай отырып, бірлесе отырып құрған жылдық жоспармен ойдағыдай жұмыс атқарайық деген ой түйді. Кеңес мүшелерінен ішінен өзі де акцияға қатысатынын атап айтты. Көмек жасаған үлкен сауап деп ойлаймын. Ақпарат алуға -аудио, видео, интернет секілді жеңіл жолды таңдаған тұста қоғамда кітап оқуға деген құштарлық азайып кетті. Осы мәселені шешу мақсатында акция ұйымдастырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл ретте балабақша педагогтерінің алдында балаларды кітапқа баулу, оқуға деген қызығушылықты арттыру, сауатты оқырман қалыптастыру міндеті тұр. Осылайша, акцияны қазақ тіліндегі ертегілер жинақтаудан бастауды жөн көріп отырмын.

Комиссия мүшесі: Сагиева Наргиза Казбековна

Бұл бастамаңызды екі қолымды көтеріп қолдаймын. Әрине, мектеп жасына дейінгі балалар өз бетінше кітап оқи алмайды, соған қарамастан оларды кітап әлемімен ерте жастан таныстырудың, анық суреттерді қарау, онымен практикалық жұмыс жүргізудің маңызы өте зор. Бүгінде сәбилерге арналған сипап сезуді дамытатын жұмсақ, ылғалданбайтын кітаптар, иллюстрациялары көз тартатын, кез келген жануарлар кейпіне ұқсас кітапшалар, музыкалық кітаптар бар. Осының барлығы баланың кітапқа құмарлығын арттыруға көмектеседі.

Қаулы етеді:

1. «Кітапқа құмар балақайлар» жәрмеңкесі ұйымдастырылсын.
2. Бөбекжай-бақшамыздағы төрт топтағы ата-аналар болып, бірігіп, қолымыздан келгенше кітаптарды жинақтайық, акцияны жоғары дәрежеде өтуіне атсалысайық.

Осыны жауаптыАлтынбек Бекзатқа жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баймишева И

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Токмаханова Ж

Хаттама №6

13.02.2024ж

«ИжуШур» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану санасына, ауыз су режиміне бақылауды жүзеге асыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес торағасы Баймишева Индира "Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарындағы орналастыру жағдайына, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды жабдықтауға, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, су және канализация жүйесімен қамтуға, медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұрады.

- Жанат Толешқызы, балабақшадағы тамақтың сапасы бақылана ма? - деп сұрақ қойды.

Шығып сөйлеушілер:

Комиссия мүшесі: Қаратаева Ж

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес объектілерде ас блогы болады. Ал оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда топтардың санына қарай аспаз штаты қарастырылған. Азық-түлік сапасының сертификаттарын азық-түлік жеткізушілері ұсынады. Мектепке дейінгі ұйымдардың медициналық қызметкерлері азық-түліктің сапасына күнделікті мониторинг жүргізеді, – деді Қаратаева Ж

Жиналысқа қатысушы балабақша медбикесі :

- Балабақшада балаларға 4 рет тамақ беріледі. Мәзір екі аптаға жасалады. Әрі мезгіл де ескеріледі. Мәселен, жаз-күз мезгіліне және қыс-көктем мезгіліне сәйкес мәзір әзірленеді. Балалардың рационында дәрумен, минералдардың болуын ескереміз. Аспаз күн сайын ас блогындағы дайын өнімдердің сынамасын алады. Барлық санитарлық талаптарды сақтаймыз, – деді бөбекжай-бақша медбикесі.

Комиссия мүшесі: Куанбаева Марта

Ұлым екі жылдан беріосы балабақшаға барады. Тәрбиешілері балалардың уақытылы әрі дұрыс тамақтанатынын айтып отырады. Қазір балалардың иммунитеті төмен, оларға құнарлы, пайдалы тағамдарды беру керек деп есептеймін. Балабақшаның тамағы арнайы стандарттарға сай дайындалады ғой. Сондықтан тағамның бойында баланың ағзасына қажетті дәрумендер бар деп ойлаймын. Осы балабақшаның тазалығына, тағамдарына дән ризамын.

Комиссия мүшесі: Пусурманова Гүлмира

Ұлым қазір осы балабақшаға барады. Тамақтары ұнайды. Ұлымыздан: «Тамақ іштің бе, қарның ашып тұрған жоқ па?» деп сұрағанда, балабақшаның тамақтары дәмді екенін айтады. Тіпті өзінің сөзінде «біздің бақшамыздың тамағы мейрамхананың мәзірі сияқты» деп жиі айтады. Ата-ана ретінде көңілім толады. Барлық ұйымның тамақтары дәмді, құнарлы бола бермейді. Ұлым бұл балабақшаға дейін басқа білім беру ұйымына барған. Ол жердің тамағы мен тазалығы, балаларға жасаған жағдайы тұк бізге ұнамады.

Баланың тамақтануын ұйымдастыру,қауіпсіз, таза жерде жүруі, тәрбиеленуі – жауапты іс.

Қаулы етеді:

1. Тамақтың сапасына қатысты мәселелер әрқашан бақылауда болсын.
2. Санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне бақылау үнемі жүзеге асырылсын.

Осыны жауапты балабақша медбикеге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баймишева И

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Тоқмаханова Ж

Хаттама №1

13.05.2024ж

«ІнжуНұр» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жылдық атқарылған іс - шараларға есеп беру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы БаймишеваИ шығып сөз сөйледі.

Осы оқу жылының басына «ІнжуНұр» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілді. Құрамында 7- мүше бекітілді. Қамқоршылық кеңестің мақсаты – бюджеттен тыс қаржыландырудың қосымша көзін, басқа ұйымдармен байланысты нығайту арқылы бөбекжайдың тиімді жұмыс істеуі мен ауданымыздағы тұрғындардың әл-ауқатының дамуына септігін тигізу болып табылады. Қамқоршылық кеңестің 1 отырысында мен кеңестің негізгі ережелерімен таныстыра келе, оқу жылының басынан қамқоршылар ұйымының құрамы қарасытырылып, жұмыстарын бастады. Сонымен қатар ҚК мүшелерімен қыркүйек айында қайырымдылық жәрмеңкесін өткізіп, материалдық көмекке мұқтаж отбасыны анықтап және қайырымдылықтан түскен қаржыдан көмек берілді.

- Бөбекжай-бақша ішінен жастар жағынан «Еріктілер» тобы жасақталды, ауданымыздағы қарт кісілерге әлеуметтік қолдау бағытында қол көмек көрсетілді.
- Бөбекжай-бақша ішінен жастар жағынан «Еріктілер» тобымен бірге бөбекжай-бақшамызға қарасты мөлтек ауданымыздағы ерекше балаларға көмек көрсетілді және оған арамыздағы кәсіпкер Базарбаева Тазагүл Ерболовна да зор үлесі бар. Әрдайым қандай істе де, алдыңғы қатардан табыла кетеді.
- Балалардың бойынан жақсы әдет қалыптасу үшін, кітапқа деген қызығушылығын арттыру үшін «Кітапқа құмар балақай» жәрмеңкесін өткіздік.
- «22-Наурыз Ұлыстың ұлы күні» мерекесі қарсаңында аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен жетім балаларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесі өткізе тұра, түскен қаражат аз қамтылған отбасыларға көмек ретінде жұмсалды.
- Ойын - балалардың дамытушы құралы. «1 маусым – Балалар күні» мейрамы қарсаңында «Балаларға базарлық» атты ойыншықтар акциясын өткіздік.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты - жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау. Қамқоршылық кеңесі жұмыстары кезінде балабақша әкімшілігі ынтымақтастық қатынасты қалыптастыра білді, әрине, бұл - сөзсіз біріккен қызмет үшін жағымды негіз болып табылады.

Осы орайда қамқоршылық кеңестің есебін тыңдап отырған бөбекжай-бақшасы басшысы Тоқмаханвоа ЖҚР мүшелеріне ұжымның атынан алғысын жеткізді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баймишева И

Қамқоршылық кеңес хатшысы: Тоқмаханова Ж

Хаттама №3
11.11.2023ж

«ІнжуНұр» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «Бала – біздің болашағымыз» балабақшамызға қарасты мөлтек ауданымыздағы ерекше балаларға бару, көмек көрсету

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы Баймишева Индира кезекті отырысты өз сөзімен бастады. Жаратылыста адамның бәрі бірдей. Дегенмен, оның мүмкіндігі әртүрлі. Қазір Жер шарындағы түрлі себептерге байланысты өмірге келген сәбилердің туабітті дерттерге шалдығуы жиілеп барады. Сондықтан, әлеуметтік қорғау саласында «мүмкіндігі шектеулі азаматтар, ерекше қолдауды қажет ететін» деген жаңа термин қалыптасты. Біріккен Ұлттар Ұйымы да бұл мәселеге аса мән беріп, 1992 жылы Бас Ассамблея шешімімен «3 желтоқсан – Мүмкіндігі шектеулі жандардың халықаралық күні» деп белгілеген еді. «Баламның табанына кірген тікен менің мандайыма кірсін» деп перзенті үшін ішкен асын жерге қоятын халықтың қатарынанбыз. Шынында, бала Тәңірдің үлкен бір сыйы деуге болады. Ал осының ішінде ерекше күтімді қажет етер балаларды, ерекше бір жаратылыс иелері деп айтқаным дұрыс болар. Осы орайда біздің тұлға ретіндегі басты міндетіміз – ерекше жағдайдағы азаматтар мен балаларға қолдау көрсету. Ерекше бала тәрбиелеп отырған әрбір ата-ананың асыл арманы қайтсе де періштесін аяққа тұрғызу, өмірге бейімдеу, ешкімнен кем қылмай тәрбие беру екені анық. Алайда бір жанға батары қаламызда ерекше балалардың қатары артып келеді. Осы орайда тауы шағылып, еңсесі түскен отбасылар да көптеп кездеседі. Осы орайда, біздің бөбекжай-бақшамызға қарасты мөлтек ауданымыздағы ерекше балаларға өз тарапымыздан көмек беруге ұсынысым бар.

Шығып сөйлеушілер:

Комиссия мүшесі: Даржанова Ұлбосын

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар – қазіргі қоғамның ерекше бір бөлшегі. Осындай балаларды қолдау, қорғау барынша көмек қолын созу – біздің азаматтық борышымыз. Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаев: «Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағы. Сондықтан да әр балаға ерекше қолдау көрсету керек», – деген еді. Ерекше қолдау қажет ететін балалардың аты-жөнін, мекенжайын анықтап, барынша қолдау көрсетейік.

Комиссия мүшесі: Қаратаева Жадыра Ата-ана үшін ең алдымен баласының денсаулығы ең маңызды екені айтпаса да белгілі. Болашақ еліміздің тұтқаұстарлары, балаларымыздың денсаулығы – бәрінен маңызды болып тұрған дүние. «Біз тартқан азапты Аллам балама көрсетпесе екен» деген ата-ананың жатса да, тұрса да тілер жалғыз тілегі. Осындай ерекше балалары бар ата-аналарға да көмегіміз болсын, қолымыздан келген жақсылықты аямайық.

Комиссия мүшесі: Пусурманова Гүлмира
Өмірде әртүрлі жағдайға тап болып жатамыз. Сан түрлі тағдыр тоғысқан өмір жолында әр пенде басына түскен тағдырға көнбеске амал бар ма? Қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл өмірдің ыстық-суығына төзіп, қатал сынағына көніп, бұйырған тағдыр ғой деген батыр- лықты көргенде бас иесің. Мен осы ауданның кәсіпкер азаматы ретінде еміне қажет қаржылай болсын, азық-түлікпен де өз көмегімді беремін.

Қаулы етеді:

. Балабақша ішінен жастар жағынан «Еріктілер» тобымен бірге бөбекжай-бақшамызға қарасты мөлтек ауданымыздағы ерекше балаларға көмек көрсетілсін. Осыны жауапты Баймишева Индираға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баймишева И
Қамқоршылық кеңес хатшысы: Токмаханова Ж